

«БЕКІТЕМІН»

**Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт
министрлігі
Спорт және дене
шынықтыру істері комитеті
төрағасы**



Р. Есеналин

2026 ж.

«КЕЛІСЕМІН»

**«Қазақстандық эстетикалық
топтық гимнастика
федерациясы» ҚБ
президенті**



М.Бектурганова

2026 ж.

**ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТОПТЫҚ ГИМНАСТИКАДАН
2026 ЖЫЛҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАРЫСТАРДЫ ӨТКІЗУ
ЕРЕЖЕСІ**

**Астана қаласы
2026 жыл**

1. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАРДЫҢ АТАУЫ, СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАРДЫҢ ӨТКІЗІЛУ ОРНЫ МЕН КҮНІ, СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАРҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ КЕЛУ ЖӘНЕ ҚАЙТУ КҮНДЕРІ

1. Қазақстан Республикасының чемпионаты;
2. Барлық жастар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты.

№	Жарыстардың атауы	Мерзімі	Өтетін орны
1	Қазақстан Республикасының чемпионаты	1-4 маусым	Түркістан облысы
2	Барлық жастар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты	қазан	Шымкент қаласы

1. Қазақстан Республикасының чемпионаты 2026 жылы 1-4 маусым Түркістан облысында өтеді

1 маусым	18.00	Қатысушылардың келу күні, алаңды сынау (кесте бойынша) мандаттық комиссия Қатысушылардың жеребе салуы
2 маусым	9.00-10.00	Төрешілердің жиналысы
	10.00-12.00	Алдын-ала жарыстар
	12.00-13.00	Жарыстың салтанатты ашылуы
	13.00-17.00	Алдын-ала жарыстар
3 маусым	17.00-18.00	Қатысушылардың жеребе салуы
	9.00-10.00	Төрешілердің жиналысы
	10.00-17.00	Финалдық жарыстар
4 маусым	17.00-18.00	Салтанатты марапаттау
		Қатысушылардың қайту күні

Астана, Алматы және Шымкент қалаларының және облыстардың құрама командалары арасында жеке-командалық жарыста:

Ұзақ бағдарлама:

16 жас және одан жоғары санат – ересектер (2010 ж. т. және одан жоғары) - өтінімде 6-10 команда мүшесі, жарыс алаңында 6-10 команда мүшесі, ең төменгі рұқсат етілген жастан 1 жасқа кіші 2 команда мүшесіне рұқсат етіледі.

14-16 жас санаты – жастар (2012-2010 ж. т.) - өтінімде 6-10 команда мүшесі, жарыс алаңында 6-10 команда мүшесі, ең төменгі рұқсат етілген жастан 1 жасқа кіші немесе ең жоғары рұқсат етілген жастан 1 жасқа үлкен 2 команда мүшесіне рұқсат етіледі.

12-14 жас аралығындағы қыздар санаты – (2012-2014 ж.т.), 10-12 жас – (2014-2016 ж.т.), 8-10 жас – (2016-2018 ж.т.) – 6-14 команда мүшесі, ең төменгі рұқсат

етілген жастан 1 жасқа кіші немесе ең жоғары рұқсат етілген жастан 1 жасқа үлкен команданың 2 мүшесіне рұқсат етіледі.

Микс бағдарлама:

16 жас және одан жоғары санат - ересектер (2010 ж. және одан жоғары) - өтінімде 6-10 команда мүшесі, жарыс алаңында 6-10 команда мүшесі, әр командада кемінде екі (2) ер гимнаст және екі (2) әйел гимнаст - 2 команда болуы керек, ең төменгі рұқсат етілген жастан 1 жасқа кіші 2 команда мүшесіне рұқсат етіледі.

14-16 жас санаты – жастар (2010-2012 ж.т.) - өтінімде 6-10 команда мүшесі, жарыс алаңында 6-10 команда мүшесі, әр командада кемінде екі (2) ер гимнаст және екі (2) әйел гимнаст - 2 команда болуы керек, ең төменгі рұқсат етілген жастан 1 жасқа кіші немесе ең жоғары рұқсат етілген жастан 1 жасқа үлкен 2 команда мүшесіне рұқсат етіледі.

12-14 жас аралығындағы қыздар санаты – (2012-2014 ж.т.), 10-12 жас – (2014-2016 ж.т.), 8-10 жас – (2016-2018 ж.т.) – 6-14 команда мүшесі, әр командада кемінде екі (2) ер гимнаст және екі (2) әйел гимнаст - 2 команда болуы керек, ең төменгі рұқсат етілген жастан 1 жасқа кіші немесе ең жоғары рұқсат етілген жастан 1 жасқа үлкен команданың 2 мүшесіне рұқсат етіледі

2. Барлық жастар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты 2026 жылы қазанда Шымкент қаласында өтеді

1 күн	18.00	Қатысушылардың келу күні, алаңды сынау (кесте бойынша) мандаттық комиссия Қатысушылардың жеребе салуы
2 күн	9.00-10.00	Төрешілердің жиналысы
	10.00-12.00	Алдын ала жарыстар
	12.00-13.00	Салтанатты ашылу
	13.00-17.00	Алдын ала жарыстар
	17.00-19.00	Қатысушылардың жеребе салуы
3 күн	9.00-10.00	Төрешілердің жиналысы
	10.00-19.00	Финалдық жарыстар
	19.00-20.00	Салтанатты марапаттау
4 күн		Қатысушылардың қайту күні

Астана, Алматы және Шымкент қалаларының және облыстардың құрама командалары арасында жеке-командалық жарыста:

Ұзақ бағдарлама:

16 жас және одан жоғары санат – ересектер (2010 ж. т. және одан жоғары) - өтінімде 6-10 команда мүшесі, жарыс алаңында 6-10 команда мүшесі, ең төменгі рұқсат етілген жастан 1 жасқа кіші 2 команда мүшесіне рұқсат етіледі.

14-16 жас санаты – жастар (2012-2010 ж. т.) - өтінімде 6-10 команда мүшесі, жарыс алаңында 6-10 команда мүшесі, ең төменгі рұқсат етілген жастан 1 жасқа

кіші немесе ең жоғары рұқсат етілген жастан 1 жасқа үлкен 2 команда мүшесіне рұқсат етіледі.

12-14 жас аралығындағы қыздар санаты – (2012-2014 ж.т.), 10-12 жас – (2014-2016 ж.т.), 8-10 жас – (2016-2018 ж.т.) – 6-14 команда мүшесі, ең төменгі рұқсат етілген жастан 1 жасқа кіші немесе ең жоғары рұқсат етілген жастан 1 жасқа үлкен команданың 2 мүшесіне рұқсат етіледі.

▫ **Микс бағдарлама:**

16 жас және одан жоғары санат - ересектер (2010 ж. және одан жоғары) - өтінімде 6-10 команда мүшесі, жарыс алаңында 6-10 команда мүшесі, әр командада кемінде екі (2) ер гимнаст және екі (2) әйел гимнаст - 2 команда болуы керек, ең төменгі рұқсат етілген жастан 1 жасқа кіші 2 команда мүшесіне рұқсат етіледі.

14-16 жас санаты – жастар (2010-2012 ж.т.) - өтінімде 6-10 команда мүшесі, жарыс алаңында 6-10 команда мүшесі, әр командада кемінде екі (2) ер гимнаст және екі (2) әйел гимнаст - 2 команда болуы керек, ең төменгі рұқсат етілген жастан 1 жасқа кіші немесе ең жоғары рұқсат етілген жастан 1 жасқа үлкен 2 команда мүшесіне рұқсат етіледі.

12-14 жас аралығындағы қыздар санаты – (2012-2014 ж.т.), 10-12 жас – (2014-2016 ж.т.), 8-10 жас – (2016-2018 ж.т.) – 6-14 команда мүшесі, әр командада кемінде екі (2) ер гимнаст және екі (2) әйел гимнаст - 2 команда болуы керек, ең төменгі рұқсат етілген жастан 1 жасқа кіші немесе ең жоғары рұқсат етілген жастан 1 жасқа үлкен команданың 2 мүшесіне рұқсат етіледі

Қысқа бағдарлама:

16 және одан жоғары санат – ересектер (2010 ж. т. және одан жоғары) - өтінімде 4-10 команда мүшесі, жарыс алаңында 4-10 команда мүшесі, ең төменгі рұқсат етілген жастан 1 жасқа кіші 2 команда мүшесіне рұқсат етіледі.

14-16 жас санаты – жастар (2010-2012 ж.т.) - өтінімде 4-10 команда мүшесі, жарыс алаңында 4-10 команда мүшесі, ең төменгі рұқсат етілген жастан 1 жасқа кіші немесе ең жоғары рұқсат етілген жастан 1 жасқа үлкен 2 команда мүшесіне рұқсат етіледі.

12-14 жас аралығындағы қыздар санаты – (2012-2014 ж.т.), 10-12 жас – (2014-2016 ж. т.), 8-10 жас – (2016-2018 ж.т.) – 4-14 команда мүшесі, ең төменгі рұқсат етілген жастан 1 жасқа кіші немесе ең жоғары рұқсат етілген жастан 1 жасқа үлкен команданың 2 мүшесіне рұқсат етіледі.

2. ҚАТЫСУШЫ ҰЙЫМДАР, ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ

Жарысқа облыстық, қалалық федерациялармен қатар, облыстық және қалалық дене шынықтыру және спорт басқармаларымен бекіткен Қазақстан Республикасының облыстарының, Алматы, Шымкент және Астана қалаларының құрама командалары, БЖСМ, ЖСШМ және жеке спорт клубтар қатысады.

Қазақстан Республикасының чемпионаттарында спортшылар жарыс ережелеріне сәйкес қатысады.

3. МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Медициналық персоналды ұйымдастырушылар қамтамасыз етеді.

Спорттық іс-шара, Қазақстан Республикасында қолданыстағы құқықтық нормативті актілерінің талабына сәйкес жауап беретін спорттық ғимаратта өткізілуі тиіс.

Дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган бас төрешілік алқамен бірігіп ІІБ органдарымен жарыстарды өткізу, қатысушылардың, көрермендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша өзара әрекеттеседі. Жарысты өткізу кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету үшін жедел жәрдем көлігі және тиісті медицина қызметкерлер құрамы тұру қажет.

Жарыс кезіндегі спортшылардың қауіпсіздігіне ұйымдастырушылар мен команда басқарушысы жауапты.

4. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАРҒА ҚАТЫСУ ҮШІН ӨТІНІМДЕР БЕРУДІҢ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ, ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Дене шынықтыру және спорт бойынша республикалық оқу-әдістемелік және талдау орталығы» РМҚК жарыстарды ұйымдастыру және өткізу бойынша шығыстарды көтереді:

- марапаттау (дипломдар, медальдар);
- төрешілердің еңбек ақысын төлеу.

Жарысқа қатысушылардың, жаттықтырушылар мен төрешілердің еңбек ақысы, іссапар шығындарын (барып қайту жолақысы, тәулік ақысы, тамақтандыру мен қонақ үйде тұру) іссапарға жіберетін ұйымдар көтереді.

Жарысқа қатысқаны туралы растау "Қазақстан эстетикалық топтық гимнастика федерациясы" ҚБ электрондық мекенжайына жарыс басталардан 10-15 күн бұрын ұйым басшысы растаған баспа нұсқасында жіберіледі kaz.astana.agg@gmail.com растау үшін қатысушылар жас санаттары бойынша бөлінеді, сондай-ақ төрешілер мен жаттықтырушылар, көрсету нөмірі, келу күні мен уақыты, қонақүйде орындардың болуы көрсетіледі (Қосымша 1).

Бас төрешілер алқасына кеңес басталғанға дейін 4 (төрт) сағат бұрын қатысқаны туралы растаудың түпнұсқалары (1-қосымша), ұйымның (облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қ. басқармасының) дәрігері мен басшысы куәландырған спортшылардың денсаулық жағдайы туралы атаулы өтінім беріледі, сондай-ақ бас төрешілер алқасының талабы бойынша түпнұсқасы ұсынылады туу туралы куәлік немесе жеке куәлік.

5. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТЫҢ ЧЕМПИОНДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРДІ МАРАПАТТАУ ТӘРТІБІ

Жекелей есептер I, II, III орын иеленген спортшылар Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Дене шынықтыру және спорт бойынша республикалық оқу-әдістемелік және талдау орталығы» РМҚК тағайындаған кубоктары, дипломдары, медальдарымен марапатталады.

Жарыс жеңімпаздар мен жүлдегерлер спорттық атақтар мен дәрежелер бірыңғай спорттық жіктемеге сәйкес беріледі.

№	Атауы	Медаль, орын			Кубок, орын			Диплом, орын			Барлығы
		I	II	III	I	II	III	I	II	III	
1	Қазақстан Республикасының чемпионаты	32	32	32				32	32	32	96 медаль 96 диплом
2	Барлық жастар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты	132	132	132				132	132	132	396 медаль 396 диплом

6. НАРАЗЫЛЫҚ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАУ

Барлық назарлық хаттары «Қазақстандық эстетикалық топтық гимнастика федерациясы» ҚБ қағидаларына сәйкес берілуі тиіс. Спортшылар тарапынан төрешінің шешіміне күмән туған жағдайда, төрешілер алқасына наразылық хатын команданың басқарушысы арқылы беруе болады.

Төрешілер алқасы бас төрешінің қатысуымен наразылық хаты түскен сәттен бастап міндетті түрде қарастыруы тиіс. Төрешілер алқасының наразылық хаты бойынша шешімі аяқталған болып есептелінеді және қайта қарастыруға жатпайды.

Осы ереже жарысқа қатысуға ресми шықыру болып табылады. Спорттық жерістың ережесіне өзгерістер немесе толықтырулар енгізуге болады.

Ескертпе

- ✓ Қазақстанның ұлттық штаттық құрама командасының және ҚР ҰҚК барлық спортышлары барлық республикалық жарыстарға қатысуға міндетті (қатыса алмайтын, ауырып қалған жағдайда ҚР бас жаттықтырушының рұқсаты бойынша немесе құжатқа сәйкес растайды).
- ✓ Республикалық жарыстарға дәлелсіз себептермен қатыспаған тобы Қазақстан Республикасы құрамаларының құрамынан шығарылады.
- ✓ Дәлелсіз себептермен республикалық жарыстарға қатыспайтын командалар шеттетіледі. Жарысқа одан әрі қатысу туралы мәселе республикалық жаттықтырушылар кеңесінде шешіледі.
- ✓ Этикалық нормаларды бұзу (команданың марапаттау рәсіміне келмеуі, басқа да жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларын бұзу) республикалық жаттықтырушылар кеңесі команда жаттықтырушысының қатысуымен талданады. Хабарламалар Этикалық комитетіне, спорт жөніндегі жергілікті атқарушы органдарға, бастауыш спорт ұйымдарына жіберіледі.
- ✓ Республикалық жарыстардың чемпиондары мен жүлдегерлерінің ресми халықаралық жарыстарда Қазақстан Республикасының атынан өкілдік етуге басым құқығы бар.
- ✓ Республикалық жаттықтырушылар кеңесінің құрамы күнтізбелік жыл басталғанға дейін "Қазақстандық эстетикалық топтық гимнастика федерациясы" ҚБ-мен келісіледі, бас жаттықтырушы республикалық жаттықтырушылар кеңесінің төрағасы болып табылады.
- ✓ Техникалық комитеттің құрамы "Қазақстандық эстетикалық топтық гимнастика федерациясы" ҚБ-мен күнтізбелік жыл басталғанға дейін келісіледі.
- ✓ Барлық республикалық жарыстарға бас төрешілер алқасын техникалық комитеттің төрағасы тағайындайды және күнтізбелік жыл басталғанға дейін "Қазақстандық эстетикалық топтық гимнастика федерациясы" ҚБ бекітеді.
- ✓ Жарысты тікелей өткізу бас төрешілер алқасына жүктеледі. Тағайындалған бас төрешілер алқасының құзыреттілігі үшін жауапкершілік техникалық комитет төрағасына жүктеледі.
- ✓ Жарыс басталғанға дейін бас төреші төрешілер кеңесін өткізеді.
- ✓ Жарыс төрешілеріне төрешілер санаты бар төрешілер жіберіледі: халықаралық санаттағы төреші (ХТ), жоғары санатты ұлттық төреші (ЖСҰТ), ұлттық төреші (ҰТ), 1 санатты спорт төреші және спорт төреші.
- ✓ Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін халықаралық жарыстарда бас төреші халықаралық санаттағы төреші (ХТ), жоғары санатты ұлттық төреші (ЖСҰТ) болуы тиіс.
- ✓ Қазақстан Республикасы чемпионаттары мен Кубогының төрешілеріне облыстан команда құрамында мәлімделген төрешілер ғана жіберіледі. Барлық төрешілер жеребе мен кеңеске қатысуға міндетті.
- ✓ Техникалық, Әртістік құндылық бригадасының және орындау бригадасының төрешілерін жеребеге лақтыруға барлық жастағы Қазақстан Республикасының

Чемпионатына және Қазақстан Республикасының Чемпионатына төрешілік санаттары бар төрешілер жіберіледі:


- халықаралық санаттағы төреші (ХТ);
 - жоғары санатты ұлттық төреші (ЖСҰТ);
 - ұлттық төреші (ҰТ);
 - 1 санатты спорт төреші;
 - 1 (бір) Қазақстан Республикасының Кубогының және 2 (екі) чемпионаттың, облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларының біріншілігінің төрешілерінен анықтамалары бар спорт төреші.
 - Төреші-хронометрист жеребеге спорт төрешілері жіберіледі
- ✓ Бригададағы 4 (төрт) төрешілер болған кезінде жоғары және төмен бағалар өзгермейді және тасталады, содан кейін екі орташа баға арасындағы орташа балл шығарылады, ал төрешілердің 2 (екі) орташа бағасы арасындағы жол берілетін алшақтық 0,3-тен аспауға тиіс
 - ✓ Бригадада 3 (үш) немесе 2 (екі) төрешілер болған кезде бағалар арасында орташа балл шығарылады, ал төрешілердің барлық бағалары арасындағы жол берілетін алшақтық 0,4-тен аспауға тиіс, бұл ретте орташа баға өзгеріссіз қалады, ал екі шектен тыс баға бекітілген қағидаларға сәйкес орташаға түзетіледі
 - ✓ Төрешілерге қатысқаны үшін Анықтама: бас төрешіге, бас төрешінің орынбасарына, Бас хатшыға, Техникалық құндылық, Әртістік құндылық төрешілерге, Орындау бригадасының төрешілерге, төреші-рефери және хронометрист-төреші беріледі
 - ✓ Қабылдаушы ұйым төрешілердің жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті карточкалармен қамтамасыз етуі керек
 - ✓ Ұлттық жарыстардың сапасы үшін ұйымдастырушы ұйым хронометрлерді және бағалау тақтасын ұсынуы тиіс. Таблода жалпы бағалау көрсетілуі керек.
 - ✓ Музыканы CD немесе USB таяқшаларында беруге болады.
 - ✓ Жарыстың ұйымдастырушылары компакт-дискілер мен USB дискілерінен музыканы ойнайтын аудио жабдықты қамтамасыз етуі керек.
 - ✓ Жарыстың ұйымдастырушылары бейнетүсіру, сондай-ақ, наразылық қаралған жағдайда бейнені көру үшін негізгі бас төрешілер үстеліне ноутбукті беру қажет.
 - ✓ Төрешілер арнайы формасын кимесе, жарысқа келмей қалса немесе кешігіп келсе, төрешілікті дұрыс бағаламаса, төрешілікте бірнеше мәрте ескерту немесе этикалық тәрбие нормаларын бұзса; техникалық комитетпен белгіленген мерзімге төрешіліктен босатылады, сонымен қатар, «Қазақстандық эстетикалық топтық гимнастика федерациясы» ҚБ өкілінің қатысуымен республикалық төрешілік жиналысында талқылайды
 - ✓ Жарыстың басталуына дейін барлық төрешілер жарыстың ағымдағы күнінің соңында ұялы телефондарын ажыратуы керек.
 - ✓ Қате төрешілік жүргізгені үшін, жарыс кезінде 3 (үш) ауызша ескерту алған төреші спорттық және бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай Күнтізбесіне сәйкес келесі республикалық жарыстардың біреуінен төрешілерді шегерту арқылы жазаланады. Бұл шешім областардың және Астана, Алматы, Шымкент

қалаларында дене шынықтыру және спорт басқармасында хабарланады. Техникалық есепте жарыстың бас төрешісі оқиға туралы ақпаратты қамтиды.

- ✓ Бас төрешілер үстелінде **тек қана** жарыстың бас төрешісі отыруға құқылы, бас төрешінің орынбасары, бас хатшы, хатшылар алқасы, (2 адамнан артық емес) және мәлімдеуші-төреші. Бас төрешілер үстелінде басқа адамдар болуына тиым салынады.
- ✓ Жарыстың ұйымдастырушылары ресми тұлғаларына арналған жеке тұратын үстелді қарастыру қажет, және бас жаттықтырушысы, төрешілер алқасының төрағасы және федерация өкілдері оған қатысуға құқығы бар.
- ✓ Жарыстың қатысушыларына жеребе салу бас төреші мен «Қазақстандық эстетикалық топтық гимнастика федерациясы» ҚБ өкілінің қатысуымен өткізілуі тиіс.
- ✓ Жылдың соңғы республикалық жарыстарында кеңейтілген республикалық жаттықтырушылар кеңесінде бас жаттықтырушының, техникалық комитет төрағасының, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының аға жаттықтырушыларының есептері тыңдалады, келесі жылға арналған эстетикалық топтық гимнастика бойынша спорттық-бұқаралық іс-шаралардың күнтізбесі, Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларының тізімі, республикалық жаттықтырушылар кеңесі мен төрешілер алқасының құрамы бекітіледі. Кеңейтілген республикалық жаттықтырушылар кеңесінің төрағасы мен хатшысының қолдары қойылған кеңестің хаттамасы федерацияға ұсынады.


КЕЛІСІЛДІ:

«Қазақстандық эстетикалық топтық гимнастика федерациясы» ҚБ бас жаттықтырушы



Джайлауова В.Ж.

«Қазақстандық эстетикалық топтық гимнастика федерациясы» ҚБ төрешілер алқасының төрағасы



Давлетьярова З.М.

«КЕЛІСЕМІН»
Федерацияның Президенті

«_____» _____ 2026 ж.
(қолы, ұйым басшысының мөрі)

«БЕКІТЕМІН»
Басқарма Басшысы

«_____» _____ 2026 ж.
(қолы, ұйым басшысының мөрі)

ӨТІНІМ

Қатысуға _____

Ұзақ бағдарлама / Микс ұзақ бағдарлама / Қысқа бағдарлама / Микс қысқа бағдарлама:
Жас санаты
Топтың атауы

№	Аты-жөні	Туған жылы	Спорттық атақ	Дәрігердің қорытындысы	Аты-жөні, қолы, дәрігердің мөрі

Рұқсат етілді:

Дәрігер _____

Төрешілер:

- 1.
- 2.
- 3.

Жаттықтырушылар:

- 1.
- 2.
- 3.

Көрнекті номер (аты және қатысушылар)

Келу күні және келу уақыты:

Қонақ үйде орын болуы:

Аға жаттықтырушы: _____